

*Жеке*

*кәсіпкерлік*

- **Жеке кәсіпкерлік** — азаматтардың өз атынан мүліктік жауапкершілікке негізделе отырып жүзеге асыратын дербес бастамалық қызметі.
- Жеке кәсіпкер, әдетте, кәсіпорынды өзінің меншікті капиталымен қаржыландырады, барлық тәуекелді өзінің мойнына алады және осы қызметке байланысты өзінің міндеттемелері бойынша барлық мүлкімен жауап береді.
  - Жеке кәсіпкерлік жалдамалы еңбекті пайдаланып, не пайдаланбай жүзеге асыралады, сонымен қатар заң актілерімен шектелмеген шаруашылық қызметтің барлық түрін де жүргізеді.

- **Жеке кәсіпкердің мынадай құқықтары бар:**
- мемлекеттік кәсіпорындардың және басқадай меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындардың мүліктерін толық немесе жартылай иемдену;
- шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне өз мүлкімен қатысу;
- келісімшарт негізінде жұмыскерлерді жалдау және жұмыстан босату;
- еңбекақы нысандарын, жүйесін, мөлшерін өздерінше белгілеу;

- шаруашылық қызметтің бағдарламасын қалыптастыру;
- жабдықтаушылар мен тұтынушыларды таңдау;
- бағалар мен тарифтерді белгілеу;
- таза пайданы пайдалану;
- сыртқы экономикалық қатынастарда болу, т.  
б

• **Жеке кәсіпкер болу үшін не істеу керек?**

- Егер Сіз жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға ретінде тіркелмей немесе заңды тұлға ретінде тіркелу арқылы бастағыңыз келсе, онда осы екі жағдайдың екеуінде де Сізге тиісті үлгіде тіркеуден өтуге тура келеді. Жеке кәсіпкерлікті іске асыру үшін тіркеуді жүзеге асыратын аймақтық салық басқармасы болып табылады.

- Жеке кәсіпкерлік **жеке** және **бірлескен кәсіпкерлік** түрінде жүзеге асырылады:

- **1. Жеке кәсіпкерлік** өзінің құқықтық иелігіне жататын мүлік базасында өз бетінше қызмет ететін бір ғана жеке тұлғадан құрылады. Некеде тұратын жеке тұлғаның жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы үшін жұбайынан келісім алуының қажеті жоқ. Тек жеке кәсіпкерлікті іске асыру үшін жеке тұлға жұбайы екеуінің ортақ мүлкін пайдаланар болса ғана, екіншісінің келісімін алуы қажет болады.



- **2. Бірлескен кәсіпкерлік** өздеріне тиесілі ортақ меншік құқығына жататын мүлік базасында жұмыс істейтін бірнеше жеке тұлғалардан (жеке кәсіпкерлер) тұрады. Бірлескен кәсіпкерлік барысында жеке кәсіпкерлікке байланысты барлық мәмілелер жасалады, құқықтар мен міндеттер белгіленіп, ол бірлескен кәсіпорынның барлық қатысушылары арқылы іске асырылады.

- Бірлескен кәсіпкерлік формалары:
- 1) Жұбайлардың ортақ бірлескен меншіктері базасында жүзеге асырылатын жұбайлар кәсіпкерлігі;
- 2) Ортақ бірлескен шаруа (фермер) қожалығы меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік базасында жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік.
- Жеке кәсіпкерлікті аумақтық салық басқармасында тіркеу үшін келесі құжаттарды өткізу керек:
  - 1) белгіленген формадағы өтініш;
  - 2) 2 АЕК мөлшеріндегі мемлекеттік тіркеу жинағын төлегендігін растайтын құжат.

- Мемлекеттік тіркеу кезінде салықтан босатылатындар:
- Шаруа және фермерлік шаруашылықтар;
- I, II және III топтағы мүгедектер;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі репатрианттар (оралмандар) .
- 3) жеке куәлік көшірмесі, түйіндісі (салыстыру үшін);
- 4) фотосурет (3,5 x 4,5);

- 5) жеке кәсіпкердің тұрғылықты жерін растайтын құжат (азаматтарды тіркеу кітабы немесе жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығын растайтын құжат).
- Сонымен қатар, тіркеу кезінде жеке кәсіпкерліктің фирмалық атауын көрсетуге болады.

- Осыдан кейін қажеттілігіңізге қарай сіз мыналарды жасай аласыз:
  - мөр дайындау;
  - банктен шот ашу;
  - кассалық аппаратты тіркеу.

- **Шаруа қожалығын ұйымдастыру.** Шаруа (фермерлік) қожалығын жер үлесіне құқығы бар адамдармен қатар кез-келген Қазақстан Республикасының азаматтары ұйымдастыра алады.
- Ол үшін шаруа (фермерлік) қожалығын ұйымдастыру үшін жер учаскесін бөлу туралы өтініш жазу қажет. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

- 1) ауылшаруашылық өндірісін жүргізудің қысқаша бағдарламасы;
- 2) шаруашылық басшысының ауылшаруашылық өндірісіндегі еңбек қызметін растайтын немесе тиісті мамандық немесе арнаулы дайындықтан өткенін (шартты жер үлесі құқығына ие емес азаматтар үшін) растайтын құжат;
- 3) шаруа (фермерлік) қожалығы басшысының салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;
- 4) шаруа (фермерлік) қожалығы басшысының мекен-жайы.

- **Жеке кәсіпкерліктің артықшылықтары туралы:**

- адамның еңбекпен қамтамасыз етілу және ақша табу проблемаларын шешеді;
- қымбат емес әрі тез арада тіркеуге болады;
- мемлекеттік реттеуге аз ұшырайды;
- тым көп құжаттар жүргізуді қажет етпейді.



- **Жеке кәсіпкерліктің кемшіліктері:**
- мұраға қалмайды;
- алғашқы капитал жинау қиындығы;
- кәсіпкер жеке мүлкін тәуекелге тігеді:

- *«Жеке кәсіпкерлер өз міндеттемелері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, өндіріп алуға жатпайтын мүліктерін қоспағанда, өзінің бар мүлкімен жауапкершілікте болады».*

- Кәсіпкерлік қызметті жеке кәсіпкер ретінде тіркелген тұлғалар ғана іске асыруы керек, ал ұйымдар мемлекеттік тіркеу көмегімен шаруашылық субъектісі ретінде заңдастырылады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік тіркеуден өткізбей іске асыру құқық бұзушылық болып табылады.

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 357-1-бабында:
- «Тиісті тіркеусіз әрекеттер (операциялар) жасау, сондай-ақ, кәсіпкерлік немесе басқа да қызметтермен айналысу жеке тұлғаларға жиырмаға дейінгі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге апарып соғады...» делінген.

- **Жұманұлы Имандосов Самұрат** - 1948 жылы 20 маусымда Қызылорда облысы Қазалы ауданының Майлыбас ауылында туған. Қазақ.



- Әкесі - [Имандосов Жұман](#) (1920 ж. т.), [ҰОС](#) 2-ші топтағы мүгедегі, [зейнеткер](#), кооперативтік жүйеде дайындаушы болып жұмыс істеген.  
Анасы - Бисембаева Хадиша (1922-2002).
- Қызылорда гидромелиоративтік техникумының мелиорациялық жұмыстарды механикаландыру факультетін (1967) техник-механик мамандығы бойынша; Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының гидромелиорация факультетін (1977) инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітірген.
  - Қазақ және орыс тілдерін біледі.

- «[Нұр Отан](#)» ХДП мүшесі (1992 жылдан).
- 1969 жылдан - Қазалы суландыру жүйелері басқармасының инженер-экономисі, гидротехнигі, бөлім бастығы.
- 1972 жылдан - ҚазКСР №64 Минералды су шаруашылығының аға прорабы, бас инженері, ЖМК бастығы.
- 1980 жылдан - №86 ЖМК бастығы,
- 1992 жылдан - Бас күріш кеңшарлары құрылысы «Қазалысуқұрылысы» тресінің басқарушысы.
- 1994 жылдан- «Жер-Су» АҚ президенті.
- 1994-1995 жылдары - Қызылорда облысы Қазалы ауданының әкімі.
- 1996 жылдан - «[Жер-Су](#)» АҚ вице-президенті, президенті.
- 2000 жылдың қыркүйегінен бері - «РЗА» АҚ президенті (Қызылорда облысы Қазалы ауданы).
- Жоғарғы Кеңес 12-ші шақырылымының депутаты. Қызылорда облыстық мәслихаты 2-ші (1999), 3-ші (2003), 4-ші (2007) шақырылымдарының депутаты.

- «Құрмет белгісі» (1980), «[Құрмет](#)» (2001), «[Парасат](#)» (2007), «Звезда Содружества» (2008) ордендерімен; «Астана» (1998), «[Қазақстан Парламентіне 10 жыл](#)» (2006) медальдарымен; халықаралық «Объединенная [Европа](#)» (2008) сыйлығымен марапатталған. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы (2009).
- Әскери атағы - запастағы аға лейтенант.
  - Діни көзқарасы - [мұсылман](#).
- Қазақстанның болашағы туралы болжамы - «Дүниежүзіндегі ең гүлденген мемлекет».
- Хоббиі - саятшылық, преферанс, дойбы.